



ӘӨЖ 94(574)

ҒТАХР 03.00.00

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.93(1).21

Боранбаева Б.С.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

E-mail bbaktyly@bk.ru

АЛАШ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Аңдатпа. Мақалада Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов пен Ғ. Қараштың өмірі, қоғамдық - саяси қызметі мен шығармашылығы салыстырмалы ғылыми талдау негізіне алынған. Бір уақыт мезгілінде коммунистік партия қатарына қабылданған екі тұлғаның, 1919 жылдың соңынан бастап, ғылым, оқу-ағарту, өнер, баспасөз салаларындағы атқарған қызметтері сараланады. Ахмет Байтұрсынов пен Ғұмар Қараштың «Қазақ» және «Қазақстан» басылымдарында жарық көрген жер, ұлт, мәселесі, оқу-ағарту ісі, мемлекеттік құрылыс сияқты маңызды мәселелер жөніндегі мақалаларының мазмұнына талдау жасалады. Екі тұлғаның редакторлығымен қазақ тілінде жарық көрген мерзімді басылымдардың демократиялық, реформаторлық идеяларымен, яғни әлеуметтік прогрестік, бағыттағы сапалылығымен ерекшеленетіні тұжырымдалады. Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов пен Ғ.Қараш қазақ халқын еуропалық мәдениетке үндеген, И.Гаспринскийдің жүйесі бойынша оқытудың жаңа әдісін қолдаған жәдидшіл тұлға ретінде қарастырылады. Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың саласындағы еңбектері, Ғ.Қараштың «Педагогика» еңбегі салыстырмалы талдау нысанына алынады.

Кілт сөздер: А.Байтұрсынов; Ғ.Қараш; И.Гаспринский; жәдид; оқу-ағарту; ғылым; «Қазақ»; «Қазақстан»; баспасөз; мектеп.

Кіріспе

XX ғасыр басында қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер – елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, және қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу арқылы, ұлттық теңдік пен дербестікке қол жеткізу болды. Бұл мәселелер бүгінгі таңда жаңаша формада алға қойылып отырғанын ескерсек, ғасыр басындағы алаш көсемдерінің алға қойған мақсаттары мен қоғамдық тәжірибелерінің қаншалықты маңызды екендігін терең түсінуге болады.

Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсынов пен Ғұмар Қараштың қилы тағдырлары қаншалықты ұқсас болса, шығармаларында айтылар негізгі ой соншалықты үндес келеді. Екі алаш зиялысы уақыт пен кеңістік жағынан алғанда бір кезеңде өмір сүріп, бір дәуірде еңбектерін жазды, ортақ қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысты.



А.Байтұрсынов – патша өкіметі мен кеңестер үкіметі тұсында да қоғамдық және мемлекеттік қайраткер деңгейінде қызметтер атқарған тұлға. Үлкен ағартушы, ірі ғалым-лингвист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов Сарытүбек деген жерде, қазіргі Қостанай облысы, Жанкелдин ауданында 1873 жылы 25 январьда туған. Жергілікті әкімдердің зорлық - зомбылығына көнбеген әкесі Байтұрсын Сібірге жер аударылады. Әкесінің інісінің қамқорлығымен Ахмет тоғыз жасынан бастап ауыл мектебінде, кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Одан соң Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1895-1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қостанай және Қарақаралы уездеріндегі мектептерде, орыс-қазақ училищелерінде мұғалім болып қызмет атқарады [1, 65 - б.].

Ал Ғұмар Қараш 1875 жылы, бұрынғы Бөкей губерниясының Талов қисымындағы (уезіндегі) Борсы жерінің Құрқұдық мекенінде (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданына қарасты) дүниеге келген. Әкеден 7 жасында жетім қалған Ғұмар ағаларының қамқорлығымен ауыл молдасынан хат танып, сауат ашады. Кейін, Жалпақтал ауылындағы Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен дәріс алып, сол кісі ұстаған медресені бітіреді. Бұдан соң Ғұмар Қараш өзі туып өскен Тіленшісай, Борсы мекендерінде 1907-1910 жылдары мектеп ашып, жәдид (жаңа) тәсілімен бала оқытуды қолға алады [2, 15 - б.].

Екі тұлғаның өмір жолдарындағы ұқсас жайттарды көрсеткенде олардың азамат, қаламгер, қайраткер ретінде қалыптасуларына қаншалықты ықпал еткенін байқағымыз келеді. Жеке адамға тұлға ретінде қалыптасуына шыққан тегі, өскен ортасы, алған білімі мен тәрбиесі, аралас-құралас болған замандастары әсер етсе, осы жағынан алғанда Қараш пен Ахметтің тағдырларында қабысатын жағдайларды көп байқауға болады.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы оқуға, әсіресе орыстың білімі мен өнеріне ерекше ден қойды. Алаш қайраткерлері Ғұмар Қараш пен Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолындағы басты ұстанымдары қазақ халқының ұлттық санасын ояту, өнер, білімге жетелеу, тұрмыс- жағдайын жақсарту, ол үшін халықты оқытып, сауатын ашу екенін айтып, өздерінің ұлттық идеясын насихаттайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Кеңестік тоталитарлық жүйе өзінің «қанды шеңгеліне» түсіріп, есімдерін халық жадынан шығарып, тарих бетінен біржола өшіруге тырысқанына қарамастан, алаш көсемдерінің ұлттық мүдде тұрғысында айтылған негізгі ой-пікірлерінің бүгінгі таңда қайта жаңғыруының тарихи маңызы айырықша. Демек, қазақ елінің азаттығы жолында жанкешті қызмет еткен ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметін архив деректері негізінде зерттеу табиғи түрде күн тәртібіне қойылған-ды. Сөйтіп тәуелсіздікпен бірге келген тарихи мүмкіндіктің нәтижесінде алаш қозғалысы қайраткерлері А. Байтұрсынов пен Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, шығармаларын ғылыми зерттеуге арналған іргелі еңбектер жарық көрді. Мәселен, әдебиеттанушы Қ.Сыдықов «Замана» деген атпен Ғұмар Қараштың шығармалары мен өлеңдері топтастырылған жеке кітабын, өлке тарихын зерттеуге үлес қосқан ғалымдар И.Кенжалиев, М.Тәжмұрат сондай-ақ осы



жолдардың авторы Б.Боранбаеваның монографиялық зерттеу еңбектері жарыққа шықты. Бұл әрине, кейінгі ғұмартанушылар үшін игілікті іс болды.

Ұлттық сананы оятып, рухты жаңғыртуға күш салған, надандық, жалқаулық, тоғышарлық сияқты қазақ ұлтының бойындағы теріс мінез-құлықтарды өткір сынаған ойшыл ақын Ғ.Қараштың өлеңдері, шығармалары бүгінгі күні де рухты жаңғыртудың биік парадигмасы ретінде танылып, ғылыми зерттеу жұмысының арқауына айналдырылып отыр. Зерттеу мақалада Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорындағы тарихи деректер, жоғарыда айтылған монографиялық зерттеулер сондай-ақ Ғұмар Қараштың артына қалдырған әдеби, пәлсапалық шығармалары мен мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары құндылығы жоғары дерек ретінде тартылды.

Зерттеу жұмысында тарихи жүйелілік, тарихи - салыстырмалы, жазба деректерді зерттеу, талдау, тарихи құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Бұл екі тұлғаның еңбек жолдарын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. Өткен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Тройцк т.б. қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де, кедей де шағын ортадан шыққандар болғанымен, едәуір білім алғандардың көбі әкімшілік-сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болды. Ахмет Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын аз ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу-білімнен кенде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың, бірі ғана емес, біргеілері А. Байтұрсынов, Ғ.Қараш еді. Олардың атқарған ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болатын.

Бүкіл саналы ғұмырын ұстаздық ағартушылық қызметке арнаған Ғұмар Қараштың 1910-1918 жылдары аралығында халықтың көзін ашып, келешекке деген үміт сенімін ояту, оқу ағарту, имандылық тәрбиесі бағытындағы «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Қарлығаш», «Тумыш», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Көкселдір», «Шайыр», «Тұрымтай» атты еңбектерін жазып жариялады.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы Ғ.Қараш атқарған игі істерді А.Байтұрсыновтан да көреміз, 1895 жылы мұғалімдер мектебін бітірген ол өз бетінше білімін жетілдіріп, 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде бала оқытқан. «Ұлт жұмысы, – деп жазды Ахмет Байтұрсынұлы «Орысша оқушылар» атты мақалада, – үлкен жұмыс» «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай хәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді. Міне, кәсіби біліктілік заманында өмір сүріп отырған бүгінгі ұрпақ үшін А. Байтұрсынұлының бұл ойы бұдан бір ғасыр бұрын айтылған еді.

А.Байтұрсыновтың ұлылығы ұлт ұстазы дәрежесіне көтерілген еңбегінде. Гуманист, ағартушы 1907 жылы жазған өзінің «Анама хат» деген өлеңінде:



Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам?», – деп тебіренді.

Алаш қайраткері Ғұмар Қараш бөкейлік қазақ зиялыларымен бірлесе отырып, 1911-1913 жылдар аралығында «Қазақстан» газетін шығарып, қазақ халқының жаңа заман талабына бейімделу қажеттілігі турасында: «Замана өзгереді, заман шаруаны, адамды өзгертеді. Өзгермесе, жаңаға ыңғайланбаса, ол кейін қалады. Заманымыз өзгеріп отыр, біз де өзгерейік», - деп бүгінгі күн үшін де өзінің өзектілігін жоғалтпаған ұлағатты тұжырым жасайды [3, 86 б.].

Қазақ даласында жәдидтік қозғалыстың басшысы И.Гаспринскийдің бастамасын жүзеге асырған Ахмет Байтұрсынов өзі жасаған «Төте жазу әліппесі» арқылы жәдидтік идеяларды насихаттаған «Қазақ» газетін дүниеге әкелді. Гаспринский мен Байтұрсынов бастамасына Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қараш, Мұхамеджан Сералин, Мағжан Жұмабаев сияқты қазақ ұлтшылдары қолдау көрсетті. Олар қазақ қоғамы мешеулігінің, ескіргендігінің негізгі себебі халықтың сауатсыздығында (надандық), молдалардың білімсіздігінде, байлардың дарақылығы мен қатыгездігінде, отаршылдардың қазақ шаруаларын талап - тонауында жатыр деп санады. Осының бәрінен шығаратын жол қоғамды оқу - ағарту, И.Гаспринскийдің жүйесі бойынша жаңа әдіспен оқыту, қазақтардың отырықшылық тұрмыс салтына көшуі (қала салу) деп білді. Бұл сол заман уақыты үшін маңызды прогресшіл идея болған еді.

1912 жылы А.Байтұрсынов қазақ халқының талайдан тұтынып келген араб қаріпті әліпбиін ана тіліміздің табиғатына лайықтап оны жетілдірудің жаңа үлгісін жасады.

Алайда Ахмет Байтұрсынов қарсы сын айтушылар аз болмады. Мерзімді баспасөз деректеріне қарағанда қазақ, татар тіліндегі басылымдарда олардың қарсы пікірлері жарияланып отырған. Мәселен «Айқап» журналында Шаһзаман Жияшұлы «Бірге қозғалайық» атты мақаласында А.Байтұрсыновқа түркі тіліндегі оқуды жөнге салушы И.Гаспринский татар болғандықтан, татарлардың ұстаздық жолын қабыл еткің келмегендіктен күллі түркі халқына ортақ жазу үлгісінен қашып, қазақты бөлектегің келеді деген дау айтты [5].

Осындай сын - пікірлердің бәріне Ахмет Байтұрсынов қазақ, татар, орыс баспасөз беттерінде ғылыми түрде тиянақты жауап беріп отырды. Мәселен ол: «Түрік тілінің бәріне ғұмуми емле болу керек десек, түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны аларға керек. Асыл тіл, түзу емле – қазақта боларға тиісті. Неге десек, ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардай тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ, сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып, жеміріп өз тілінің қалпына түсіріп алған қазақ... Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп айтарға керек. Емлесін қате десек, тастап, бізге келер деген ой-қате. Ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ деген болады. Егер де Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып, соған қарап басқа



емлелерді түзету керек...» [5], – деп пайымдады. Сондай-ақ А. Байтұрсынов И.Гаспринскийдің еңбегін: «Сол күннен бастап өршіп көбейген Россия мұсылмандары арасында 5-6 мыңға жуық бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспринский мектебі еді. Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде он мыңға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы Гаспринский», – деп бағалады.

Қазан төңкерісіне дейін түркі халықтарының баспасөз тарихында үздіксіз 33 жыл шығып тұрған И.Гаспринскийдің «Тәржіман» газеті туралы да Ахмет Байтұрсынов: «Төрт-бес жылдың ішінде шығып тоқтаған хәм осы күнде шығып тұрған түрліше газет-журналдардың бәрі «Тәржіманның балалары», – деп жазды.

Осылайша Ғұмар Қараш 1911-1913 жылдар аралығында «Қазақстан газетінің ал, А.Байтұрсынұлы 1913 жылдың наурызынан 1917 жылдың қыркүйегіне дейін би ресми ұлттық «Қазақ» апталық газетінің редакторы болды. Осы кезеңде газетті жаздырып алушылар саны 3000-нан 8000-ге дейін өсті. «Қазақ» газетіндегі белсенді қызмет А.Байтұрсыновты қазақ халқының рухани көсемі деңгейіне көтерді. «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «қазақ» қойдық» - деп жазды. Газеттің алғашқы санындағы алғысөзінде «Ұлы істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік», - толғанады. Ал өзі де осы айтылған қағиданы өмір бойы ұстанып, «Халық үшін қам қылып» өтті. «Құрметті оқушылар» атты мақаласында: «жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсіз ашылып, шашылып қамсыз» жатқан қазақтың алдына түсіп, жол сілтеп, басшылық етуді мақсат тұтқанын жазды.

Ахмет Байтұрсынов редакторлық еткен «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан білімпаз азаматтар оның беттерінде жарияланған жер, ұлт, мәселесі, оқу-ағарту ісі, мемлекеттік құрылыс сияқты маңызды мәселелер жөніндегі мақалалар арқылы, кейде ашық айтылған пікірлері арқылы патша үкіметінің отарлық саясатын сынап, оған демократиялық мазмұндағы талаптар қоюмен қатар халықтың саяси санасын тәрбиелейді. Демек, жоғарыда айтылған «Қазақстан» мен «Қазақ» газетінің ұлттық идеясы бір еді. Олар отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастырды [6], .

XX ғасырдың басында қазақ даласында қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайда ұлт жанашырларының рухани үндестігі анық көрінеді. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов: «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік» десе, Ғұмар Қараш: «Ұлтымызды болашаққа бастау үшін қолдан келген барлық жақсылығымызды аямайық», - деп жар салды.

Ұлт қайраткері Ғ.Қараштың «Игілік және жақсылық» жеген мақаласында: «Жақсылық адамның өзіне байланысты. Мұны өзгермейтін қағида десе де болады. Тереңірек ой жүгіртіп қарасақ, әлемде болып жатқан оқиғалардың бәрі осыны дәлелдейді. Жақсылық екі түрлі болады. Бірі – рухани, бірі – материалдық. Материалдық жақсылық әркімге мәлім. Мәселен, біреудің мұқтажына қарай (мал,



киім кешек, тамақ т.б.) моральдық қажеттерінің өтелуі. Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру – адамның ең жақсы қасиеті. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның істеген жақсылық істеріне байланысты. Жақсылық адамдардың өз қолында дейтініміз осыдан», - дей отырып:

«Бақ, дәреже тап болса,
Ел не керек деменіз.
Халық деген қауымың,
Қаны бірге бауырың,
Бір туып, бір кететін
Жаны бірге дененіз.
Жаны бірге дененді
Сүйенер күндер туғанда

Сүйеу беріп деменіз» [2, 111 - б.], - деп жаңа буын жастарды да ұлт үшін қызмет етуге, жақсылық жасауға шақырды. Бұл «Жаңа шыққан жастарға» атты өлеңі бүгінгі біздің тәуелсіз Қазақ елінің жастарына да айтылғандай. Ұлы бабамыз қазақ елін өркениетке жеткізер жолда жастарға үмітпен қарап, оларға сенім арта отырып, жастар үшін пайдалы ақыл кеңестерін де ұсынады.

Патша өкіметінің отарлық саясатын бүкпесіз батыл да ашық түрде әшкерелегені үшін қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылған Ахмет 1910 жылдың басынан 1917 жылдың аяғына дейін Орынбор қаласында тұрды.

Міне осы бір кезеңде ол өзінің «Маса» деп аталатын кітабын, оның алдында классикалық «Қырық мысал» жинағын шығарған еді. Ал Ғұмар Қараш 1911 жылы Қазан қаласынан «Қарылғаш» атты өлең кітабы жарық көрді. Ахмет қалың ұйқыда жатқан қазақты «Маса» болып ызындап оятқысы келсе, Ғұмар еңбекқор «Қарылғаш» құсты сөлетіп, қазақтың бейқам өмірін сынға алады. Екі ағартушы ақынның түпкі ойы осы жерде тоқайласып отырады.

«Қазақ» газеті 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық демократиялық партияны дайындауда салиқалы, сан түрлі қызметтер ақарды. Партия Россияда 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған мүмкіндіктер жағдайында, 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық бірінші сиезде құрылды. Бұл партияға «Алаш» деген ат береді. Сиезді шақыру мен оны өткізуде А.Байтұрсынов үлкен белсенділік көрсетті. Сиез өткеннен кейін екі-үш ай бойы оның шешімдеріне сәйкес» А.Байтұрсынов «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасау ісіне қатысты. Социалистік идеялар, оның ішінде большевизм мен оның ту етіп ұстаған кеңес өкіметінің саясатын қабылдамаған «Алаш» қайраткері дайындаған бұл саяси құжат 10 баптан тұрды. А. Байтұрсынов 1917 жылы 5-17 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық екінші сиез жұмысына да белсенді түрде ат салысты [5]. Сиез күн тәртібі Алаш партиясы программасы жобасының талаптарынан және орталықта социалистік революцияның жеңіске жетуіне байланысты орын алған қоғамдық-саяси өзгерістерден туындады. Сиез талқылап, шешім қабылдаған 10 мәселенің ішіндегі ең маңыздылары бүкіл қазақ жерлерін біріктіретін Алаш атономиясын (қаза мемлекеттігін) құру, оны басқаратын үкімет – Алашорданы сайлау және «халықтық милиция» аталған Алаш автоноимиясының қарулы күштерін жасақтау жөніндегі қабылдаған шешімдер



болды. Сиезде «Тез арада автономия жариялау» мәселесін көтерген делегаттар арасында А.Байтұрсынов, Ғұмар Қарашов отырды. Бірақ екеуі қарама-қарсы топ жағында болғаны тарихтан белгілі.

Қазақ халқы үшін Қазан төңкерісінің мәні мен мақсаты түсініксіз болғандығы жөнінде Ғ.Қараш: «Ақ малтасын езіп, ішіп алаңсыз отырған біздің қазақ жұртын революция тасқыны келіп, басқа еш нәрсеге әзірленбеген, қалай өтерін, қайда кетерін білмей отырған халықты қатты сасқалақтатты. Ал саяси таптық күресі азамат соғысына айналғанда, көбі қосақ арасында бос кетіп, құр далаға құрбан болды. Ескі патшалық режимнің бізге мирас болып қалған бұзықтықтар, кейіпсіз пысықтар атқа мініп қалған әдеттері бойынша: «Құдай жаңа берді, шалуы жоқ, қағуы жоқ, момынның бәрі менікі» деген бағытқа түсті», - деп жазды.

Осы орайда, большевиктердің қанқұйлы әрекетіне сенімсіздікпен қараған Ахмет Байтұрсынов «Революция және қырғыздар» мақаласында: «Қырғыздарға (қазақтарға) ақпан революциясы... қандай түсінікті болған болса, оларға Қазан төңкерісі соншалықты түсініксіз болып көрінді. Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қарсы алған болса, екіншісін сондайлық үрейлі қорқынышпен қарсы алуларына тура келді» [7], - деген тұжырымы Ғұмар Қарашпен үндеседі. Қазан төңкерісіне тарихи екі тұлға да күдікпен қарады.


Большевиктік өкімет қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген алаш зиялыларының әрекетін тұйыққа тіреді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Досмұханбетов, Х.Досмұханбетов, Ғ.Қараш сияқты Алаш қайраткерлері білімсіз кедей-кепшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахмет 1919 жылы наурызда Кеңестер өкіметі жағына өтті. Коммунистік партия қатарына қабылдау туралы өтінішінде Ахмет өзінің бұл әрекетін былайша түсіндірді: «Қаншама жыл қиналып келген қазақ халқының бостандығын алу жолдарын ұзақ уақыт іздегеннен кейін мен мынаған көзім жетті ... РКП (б) бағдарламасында аймақтағы ұлттық қарым-қатынас жөнінде ұлттың өзін-өзі анықтаудағы РКП (б) Орталық комитетінің айтқан ой-пікірлері мен практикалық долбар қорытындыларын талқылап баяндаған Ленин жолдастың көзқарасында шығыс халықтарының ортасындағы істерді қолдануды және қаналушы ұлт ретінде қырғыз халқының мүддесін толық қамтамасыз етуге мүмкіншілік жасайтындары айтылған. Осындай жоғарыда айтылғандардан кейін осы бағдарламадағы істерді әсіресе, шығыс істерін асыруға көмектесу үшін Ресей коммунистік партиясының құрамына кіруге шешім қабылдадым», - деп өз халқының мүддесі үшін Кеңес өкіметімен ымыраға келуге, кеңестік платформаға өтуге шешім алған еді.

Шын мәнінде, Ахмет Байтұрсынов пен оның серіктері кеңестік билікті амалсыз мойындаған еді. Бұл туралы А.Байтұрсыновтың өзі: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды – Б.Б.) жауапсыздықпен қанап, әртүрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да



осындай істер Советтік Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауға қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлуға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ – Б.Б.) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік [8,],» , – деп ашық жазған еді. Сөйтіп ол алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енді. Екі жылдай Республика Халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне еңбек сіңірді. 1919 жылы наурызда А.Байтұрсынов кейін сол жылдың тамыз айында Ғ.Қараш Ресей коммунистік большевиктер партиясы қатарына қабылданып, алаштық платформадан кеңестік платформаға өтеді. Олар қандай платформада болмасын қазақ халқының мүддесін ойлап қызмет етті. Кеңестік билік кезіндегі қоғамның белсенді мүшесі болды. Олардың мақсаты қазақ халқының тұрмыс тіршілігін түзеп, өмірін жақсарту болды.

Қазақтың ұлы тұлғасы А. Байтұрсыновқа Ғұмар Қараштың туып өскен даласы Бөкей Ордасының көрсеткен құрметі жөнінде Батыс Қазақстан облыстық архив қорында дерек сақталған. Бұл дерек жөнінде айтсақ, 1920 жылдың мамыр айында 10 күнге созылған Бөкей губерниялық кеңестер сиезінің алғашқы мәжілісі ашқан С.Мендешов сиездің құрметті төралқасына Ленин, Зиньвов, Тройкий, Наримановпен бірге А.Байтұрсыновтың ұсынылғанын хабарлайды. А. Байтұрсынов Алаш партиясы қатарында болғанын айтып, делегаттары арасында дау шығады. Сиезге Ғ.Қарашта қатысып отырды. Ұзаққа созылған айтыстан кейін, дауысқа салынып, сиез делегаттарының 89-ы жақ тап, 37 -і қарсы болды, 2-і қалыс қалды. Сөйтіп А. Байтұрсынов көпшілік дауыспен сиездің құрметті төралқасына сайланады [9,34-37пп.],



Ғұмар Қараштың шығармалары мен өлеңдерінен коммунистік идеяны, таптық көзқарасты басты назарда ұстап, езілген халықтың, әсіресе, кедей шаруаның жаңа



өмірдегі алатын орнын, Кеңес өкіметінің алдына қойған мақсаттарын түсіндіруге ұмтылғанын көреміз [10, 144 - б.].

Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім». Мұғалім қандай болса мектебі һәм сондай болмақшы, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білімі біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке – керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», - деп мұғалімнің қоғамдағы орнын айқындап берген еді.

Ұлт ағартушысы Ғ.Қараштың «Педагогика» еңбегіндегі тұжырымдарының қазіргі кезде де өзінің мәнін жоғалтпағанын көреміз. Ол: «Баланың аузына дайындап, ештеңе салып бермеңіз. Бала керегін өзі тауып жесін», - дейді. Бұл бүгінгі күні білім ордаларындағы жас буынды өздігінен шығармашылық ізденіске тәрбиелеу талабымен сәйкес келеді [10, 77-б.].

А.Байтұрсынов «... Оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Өәм құрал қандай болса істеген іс те сондай болмақшы. Істің жақсы болуына құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз әстелген іс олпы-солпы, я артық я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп, кетпес үшін, бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесім-пішімі болуға тиісті. Сол пішім программа» [11], - деп түсіндіреді.

Сондай-ақ ол :«Мұғалімнің соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе ол оқу құралдары. Қағаз, қалам, кара сия, отыруға керек нәрселер –пұлға табылатын нәрселер. Қазірде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Немесе ол: «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақашаға, бірі құрадға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреу бірден тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай түзу жүреді. ...Жоғарғы айтылған оқу жұмысының үш тіреуі де біздің қазақта бұл күнде сай емес. Бірақ бірте-бірте сайлы болып, жөнделер деп үміттенеміз» [13], - деді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан ұлттық ояну мен жаңғыру идеяларына бой ұрған Ахмет Байтұрсынов пен Ғұмар Қараш ұлт мүддесін ойлап, өзінің еңбектері арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткер ретінде таныла білді. Алаш зиялыларының ар-ождан, моральдық қасиеттерді санаға сіңіріп, жеке адамды қалыптастыру арқылы мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру, идеяларының мазмұны мен мағынасы бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоймаған құнды пікірлер. Қос тұлғаның шығармаларында қазақ ұлтының әлеуметтік прогресс жолына түсуі туралы көтерген ой-пікірлері өзінің өміршендігімен құнды. Олар қазақ халқының өркениеттік жолға түсуі үшін міндетті түрде ғылым мен білім ең өзекті мәселе екендігін алға тартып, туған халқын оқу-ағарту ісіне насихаттауда өлшеусіз еңбек сіңірді. А.Байтұрсынов пен Ғ.Қараштың шығармашылығындағы негізгі сарын – ағартушылық идеялық бағыт. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының



зардабын тани білген олар қазақ халқының қасіретін өнер-ғылымға кеңделіктен деп түсінеді. Демек, «Ұлтжандылық деген – ұлтты сүйу»,- деп ұлт үшін өмір сүрген ұлы тұлғалардың идеялық үндестігі жас ұрпақ үшін өнеге. Қазақ халқының абзал ұлдарының есімдері халық жадында мәңгілік сақталады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қойгелдиев М. Қорғансыздың күнін кешкендер. Менің ғылымдағы өмірім. Монография. – Алматы: Арыс, 2019. – 304 б.

[2] Ғұмар Қараш. Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар). Құрастырған Қ.Сыдиықов. – Алматы: Ғылым, 1998. – 240 б.

[3] Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапхана, 1999. – 834 б.

[4] Ысмағұлов М. Ғұмар Қараштың тәлім - тәрбиелік ой - пікірлері // Қазақстан мұғалімі, 1959. 21 - май.

[5] Қойгелдиев М. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар // Егемен Қазақстан. 1994, 12 тамыз.

[6] Нүрпейісов К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақстан мектебі. 1998, №6. 5-б.

[7] Әбдіқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 188 б.

[8] Байтұрсынов А. Революция и киргизы (казахи). Жизнь национальностей. 1919. № 29. (37), 3 августа.

[9] Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві 312-қ., 1-т., 2-іс.

[10] Боранбаева Б.Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі – Алматы: Арыс, 2014- 232 б.

[11] Омарбеков Т. Рухани көсем болған // Ақиқат. 1998, №8.

[12] Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.

[13] Күзембаева В. Ұлттың ұлы ұстазы – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 262 б.

[14] Құрманбайұлы Ш. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі – Алматы: Ғылым, 2005. – 144 б.

[15] Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы: Мектеп, 1981. – 240 б.

[16] Аллаберген Қ. Оразай Ф.Нұсқабайұлы Ж. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995). – Алматы: Рауан, 1996. – 244 б.

[17] Әбдіманов Ө. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993, – 168 б.

[18] Сералин М. Қадірменді оқушылар! // Айқап, 1913. № 1.

[19] М.Д. (Дулатов М.) Оқушыларға жәрдем жамияты // «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998.

[20] Бурабаев М.С. Сегізбаев О.А. (1987). Идейные связи общественно-философской мысли Казахстана и России [Ideological connections between the social and philosophical thought of Kazakhstan and Russia]. Алма - Ата, 1987. – 310 с.

[21] Қамзабекұлы Д. Жәдитшілдік – ұлттық рухани серпілу негізі // Ақиқат, 2008. № 1, 34-41б.



REFERENCES

- [1] Qoigeldiev, M. (2019). Qorğansyzdyñ küni keşkender. Meniñ ğylymdağy ömirim [Those who passed the day of Korgansiz. My life in science] Monografiya. Almaty: Arys [in Kazakh].
- [2] Qaraş, Ğumar. (1998). Zamana. [Zamana]. Qūrastyrğan Q.Sydiyqov. Almaty: Ğylym [in Kazakh].
- [3] Subhanberdina, Ü. (1999). Qazaq halqynyñ atamūralary. Mazmūndalğan bibliografiyalıq körsetkiş [Ancestors of the Kazakh people. Contents bibliographic index]. Almaty: Qazaqstan Respublikasy Ortalyq ğylymi kıtaphana [in Kazakh].
- [4] Ysmağūlov, M. (1959). Ğumar Qaraştyñ tälīm - tärbielik oi - pikirleri [Gumar Karash's teaching - educational thoughts - opinions]. // Qazaqstan mūğalımı [in Kazakh].
- [5] Qoigeldiev, M. (1994). Ğasyr qasiretin arqalağan arystar [Lions who bear the suffering of the century]. // Egemen Qazaqstan [in Kazakh].
- [6] Nūrpeisov, K. (1998). Alaştyñ küresker ūly [The fighter son of Alash]. // Qazaqstan mektebi [in Kazakh].
- [7] Äbdıqasymov, B. (1971). Alğaqşy qazaq gazetteriniñ tılı [The language of the first Kazakh newspapers]. Almaty: Ğylym [in Kazakh].
- [8] Baitürsynov, A. (1919). Revolüsia i kirgizy (kazahi) [Revolution and the Kyrgyz (Kazakhs)]. Jizn nasionálnostei [in Kazakh].
- [9] Batys Qazaqstan oblystyq memlekettik arhivı 312-q., 1-t., 2-ıs.
- [10] Boranbaeva, B. (2014). Ğumar Qaraş. Qoğamdyq-saiasi qyzmeti [Humar Karash. Social and political activity]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- [11] Omarbekov, T. (1998). Ruhani kösem bolğan [He was a spiritual leader]. // Aqiqat [in Kazakh].
- [12] Qoigeldiev, M. (2008). Alaş qozğalysy. Bırınşı tom. Öñdelip, tolyqtyrylğan ekinşı basylymy [Alash movement. The first volume. Edited and supplemented second edition]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- [13] Kūzembraeva, V. (2001). Ūltyñ ūly ūstazy [Great teacher of the nation] Almaty: Ortalyq ğylymi kıtaphana [in Kazakh].
- [14] Qūrmanbaiūly, Ş. (2005). Qazaq bılımpazdarynyñ tūñğyş siezi [The first syez of Kazakh educators]. Almaty: Ğylym [in Kazakh].
- [15] Bekhojin, H. (1981). Qazaq baspasözi tarihynyñ ocherki (1860-1958) [Essay on the history of the Kazakh press] Almaty: Mektep [in Kazakh].
- [16] Allabergen, Q. Orazai, F. Nūsqabaiūly, J. (1996). Qazaq jurnalistikasynyñ tarihy (1870-1995) [History of Kazakh journalism (1870-1995)]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- [17] Äbdımanov, Ö. (1993). Qazaq gazetı [Kazakh newspaper]. Almaty: Qazaqstan
- [18] Seralin, M. (1913). Qadirmendi oquşylar! [Dear students!] // Aiqap [in Kazakh].
- [19] Dulatov, M. (1998). Oquşylarğa järdem jamiğaty [Student aid society] // «Qazaq» gazetı. Almaty: Qazaq ensiklopediasy Bas redaksiyası [in Kazakh].
- [20] Burabaev, M.S. Segızbaev O.A. (1987). İdeinye sväzi obşestvenno-filosofskoi mysli Kazahstana i Rosii. Alma – Ata: Rauan [in Russian].



[21] Qamzabekūly, D. (2008). Jäditşildik – ũlttyq ruhani serpılı negizi [Traditionalism is the basis of national spiritual growth] // Aqıqat [in Kazakh].

Боранбаева Б.С.
ИДЕЙНОЕ СОЗВУЧИЕ ТРУДОВ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА И
ГУМАРА КАРАША

Аннотация. В статье на научной основе анализируется жизнь, творчество и общественно-политическая деятельность деятелей движения Алаш Ахмета Байтурсынова и Гумара Караша. Исследование жизни этих двух личностей, принятых одновременно в коммунистическую партию, начинается с 1919 года. В статье проводится детальный анализ статей Ахмета Байтурсынова и Гумара Караша публиковавшихся в газетах «Казак» и «Казакстан», где они поднимали важные проблемы связанные с землей, национальным вопросом, просвещением и государственным устройством. Делается вывод о демократической и реформаторской направленности идей озвученных в статьях двух мыслителей. Деятели Алаш А. Байтурсынов и Г. Караш рассматривали И. Гаспринского как личность призывавшую казахский народ к приобщению европейской культуре, общественного деятеля-джадидиста поддерживавшего новометодное обучение. В качестве предмета для сравнительного анализа выбраны труды А. Байтурсынова в педагогической сфере и труд Гумара Караша «Педагогика».

Ключевые слова: А.Байтурсынов; Г.Караш; И.Гаспринский; джадид; просвещение; наука; «Казак»; «Казакстан»; печать; школа.

Boranbayeva Baktyly
IDEOLOGICAL HARMONY OF ALASH PEOPLE AKHMET
BAITURSYNOV AND GUMAR KARASH

Annotation. The article is based on a comparative scientific analysis of the life, socio - political activities and work of Alash figures Akhmet Baitursynov and Gumar Karash. Since the end of 1919, the positions held by two persons who joined the Communist Party at the same time are differentiated in the fields of science, education, art, and the press. An analysis of the content of the articles of Akhmet Baitursynov and Gumar Karash published in the publications «Kazakh» and «Kazakhstan» on such important issues as land, nationality, problems, educational work, state construction is carried out. It is concluded that periodicals published in the Kazakh language under the editorship of two persons are distinguished by democratic, reformist ideas, that is, by the quality of social progress and direction. Alash figures A. Baitursynov and G. Karash are considered as the jadids who appealed to the European culture of the Kazakh people, supported the new method of teaching according to the system of I. Gasprinsky. The works of the teacher of the nation A. Baitursynov, the work of G. Karash «pedagogy» are subject to comparative analysis.

Keywords: A. Baitursynov; G. Karash; I. Gasprinsky; jaded; educational work; science; «Kazakh»; «Kazakhstan»; publication; school.